



ӘОЖ 94(574.54)+2-67

FTAXP 03.91.91

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.102(2).23

¹Ахан Жарас, ²Ускембаев Канат, ³Ескалиев Самат, ⁴Туякова Айжан¹Муғла Сыткы Кочман университеті, Муғла, Түркия²Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан³А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана,
Қазақстан⁴Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: zharasakan@gmail.com

ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ ЖӘНЕ БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ МОЛДАЛАР МЕН ҚОЖАЛАР

Аңдатпа. Бұл мақалада Патшалық Ресейдің діни саясаты және Бөкей Ордасындағы молдалар мен қожалардың қоғамдағы орны мен атқарған қызметтері қарастырылады. Автор ислам дінінің бұл өңірде дамуының өзіндік ерекшеліктерін, Жәңгір ханның дінді мемлекеттік саясат құралы ретінде пайдалануын және діни элитаның қалыптасу үдерісін сипаттайды. Сонымен қатар, қожалардың әлеуметтік мәртебесі мен сұлтандармен қарым-қатынасы, молдалардың діни-ағартушылық және құқықтық функциялары талданады. Зерттеу барысында архивтік және тарихи деректерге сүйене отырып, Бөкей Ордасында ислам институттарының қалыптасуы мен қоғамдағы ықпалы анықталған. Исламның әлеуметтік құрылымға енуі Бөкей Ордасының саяси және рухани өмірінде маңызды рөл атқарғаны көрсетіледі.

Кілт сөздер: Бөкей Ордасы, Жәңгір хан, Патшалық Ресей, қожалар, молдалар, ислам, діни саясат.

Kipicne

Ислам дінінің Бөкей Ордасындағы дамуы неғұрлым белсенді жүрді. Жәңгір хан мақсатты түрде өзіне бағынышты қазақ даласында ислам дінінің кең етек жаюына септігін тигізді. И.С.Ивановтың қазақтардағы ислам дінінің дамуы «мүдделі үкімет сарынында әрекет етті» деген пікірімен келісуге болады. Бұған дейін білім беру көзі ретінде исламның Бөкей ордасындағы позициясы әлсіз болды. Молдалар аз болды және негізінен қазандық татарлардан құралды. А.Трещенко 1853 жылы «Московитянин» журналында жарияланған «Дешті-Қыпшақ іздері және Ішкі қырғыз-қайсақ ордасы» еңбегінде келесіні мәлімдейді: «Жангир употребил всевозможные старания об образовании у себя духовенства, из своих киргизов, посему отдавал учиться в школы оренбургские и к лучшим муллам, жившим по раз-ным местам своей Орды, не только детей, но и взрослых. В течение двадцатилетних усилий он достиг цели: природными киргизами заместил места мулл при кибитках и главной ме-чети». Бөкей ордада молдалардың саны қазақтың басқа аудандарымен салыстырғанда анағұрлым көп болғандығын айта кету керек. Мәселен, Н.Е.Бекмахановтың «XIX ғасырдағы Қазақстан мен Қырғызстанның көшпенді және отырықшы тұрғындарының бастаулары: саны және этникалық құрамы» атты еңбегінде сібір қазақтарының Облысы Қарқаралы округінің мәліметтерін келтіреді. Онда 60-жылдары 17 болысқа тек қана бір молдадан келеді делінген [1].

*Материалдар мен зерттеу әдістері*

Бұл зерттеу жұмысы патшалық Ресейдің Бөкей Ордасындағы діни саясатын және сол кезеңде молдалар мен қожалардың қоғамдағы әлеуметтік-рухани рөлін анықтауға бағытталды. Зерттеу барысында тарихи деректер мен мұрағаттық материалдардың кең кешені пайдаланылды. Негізгі дереккөздер қатарында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының (ҚР ОММ) және Башқұртстан Республикасы Орталық мемлекеттік тарихи мұрағатының (БР ОМТМ) қорларындағы құжаттар алынды. Атап айтқанда, БР ОМТМ-нің 295-қорының 3–6 томдарындағы істер Бөкей Ордасындағы діни қызметкерлердің қызметі, мешіттердің ашылуы, мұсылмандық білім беру жүйесінің қалыптасуы және орыс әкімшілігі мен діни құрылымдардың өзара қатынастары туралы нақты мәліметтер ұсынады. Сонымен бірге, ҚР ОММ-нің 4-қоры, 1-томындағы 5504-іс пен Астана қалалық мемлекеттік мұрағатының 430-қоры, 17-тізіміндегі 5-іс Бөкей Ордасының ішкі саяси құрылымында діни институттардың атқарған қызметін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Зерттеу жұмысы барысында А.М. Нұрғалиева, С. Зиманов, И.В. Ерофеева, Э.М. Гибадуллина және А.С. Тасмағамбетов сынды отандық және ресейлік ғалымдардың еңбектері талданды, бұл еңбектер XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы ислам дінінің орны мен патшалық биліктің діни саясатының ерекшеліктерін салыстырмалы тұрғыда бағалауға жағдай жасады.

Зерттеудің әдістемелік негізін тарихи-салыстырмалы, деректанулық, жүйелік және социомәдени талдау әдістері құрады. Тарихи-салыстырмалы әдіс патшалық Ресейдің Бөкей Ордасындағы діни саясатын жалпы империялық ислам саясатының контекстінде қарастыруға мүмкіндік берсе, деректанулық талдау мұрағаттық материалдардың түпнұсқалығын және мазмұндық құрылымын анықтауда қолданылды. Жүйелік тәсіл діни саясаттың әкімшілік, құқықтық және әлеуметтік қырларын өзара байланыста зерттеуге бағытталды, ал социомәдени талдау әдісі молдалар мен қожалардың қоғамдағы рухани беделін, олардың жергілікті халықпен және империялық билік өкілдерімен қарым-қатынасын айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың екінші жартысын қамтиды. Бұл кезең патшалық Ресейдің ислам дініне қатысты саясатының институционалдық тұрғыда қалыптасып, аймақтық деңгейде жүзеге асырылған уақыты болып табылады. Ғылыми жұмыстың жаңалығы – бұрын ғылыми айналымға енген мұрағаттық деректердің алғаш рет талданып, Бөкей Ордасындағы діни қызметкерлердің әлеуметтік және саяси қызметіне объективті баға берілуінде. Сонымен бірге, империялық билік пен жергілікті діни элитаның өзара ықпалы мен қайшылығын айқындайтын нақты тарихи мысалдар алғаш рет ғылыми тұрғыда жүйеленді.

Зерттеу нәтижелері

Бөкей ордасында молдалардың ықпалынан жоғары «қожалар» тұрды. Діни тұрғыдан келгенде қожалар мен молдалардың ұғымы біртектес сияқты болып көрінгенімен, қожалардың жоғары тап болғандығы тарихтан анық жағдай. Қазақстанда діни басылар қожадан және молдалардан тұрғандығы анық. Қожалар аристократтық дін басылардың жоғары тобында болды. Олар рудан тыс болды және қазақ қауымдарына кірмеді. XIX ғасырдың екінші ширегінде қожалар Бөкей Ордада қожалардың ерекше тобын құрды. Бірақ та бұл қарапайым топ болмады. Оның мүшелері бірігіп көшпенді өмір сүру салтымен немесе территориялық біртұтастықпен байланыста болмады. Шын мәнісінде ол сұлтандарға ұқсас сословиелік өзін-өзі басқару жүйесінде өмір сүрді. Қожалардың саяси-қоғамдық орны, әсіресе Бұқар, Хиуа және Қокан хандықтарында



ерекше болды. Олар бұл мемлекеттерде тек жоғары құрметке ие болып қана қоймай, саяси артықшылық жағдайға да ие болды. Өзбек қоғамындағы қожалардың маңыздылығын ондағы хандардың өздерінің ұрпақтары, болашақ ел билеушілері – «сеид» атануы үшін қожалардың қыздарын қалындыққа алу міндеттілігінен көруге болады. XIX ғасырда аталған үш хандықта көптеген ел би-билеушілер «қожа-сеид» мәртебесіне ие болды. Қазақстанда қожалар саяси қарым-қатынас тұрғысынан ықпалды топқа кіре алмады. Қожалар қоғамдық өмірде ықпалды сұлтандармен бірге көрінді. Қожалар Бөкей ордасында айрықша ықпалға ие болды. Олар мұнда сұлтандар сияқты көптеген малдың және жайылымның иесі болды, дүре соғу жазаларынан босады, тек қана сұлтандар мен ханның сотына бағынды. Олар көшпенділер сияқты рулық топтарға (Мырза-қожа, Кедей-қожа, Керей-қожа) бөлінді. Бөкей Ордасында қожалардың басшылығында аға қожа тұрды. Қожалардың кіші топтарын қожалардың арасынан ақсақалдары басқарды. Қожалардың саяси, қоғамдық мәні әсіресе Бұқар, Хиуа және Қокан хандықтарында ерекше болды. Олар бұл мемлекеттерде тек жоғары құрметке ие болып қана қоймай саяси артықшылық жағдайға ие болды. Өзбек қоғамындағы қожалардың маңыздылығын ондағы хандардың өздерінің ұрпақтары – болашақ ел билеушілері – «сеид» атануы үшін қожалардың қыздарын қалындыққа алу міндеттілігінен көруге болады. XIX ғасырда аталған үш хандықта көптеген елбилеушілер қожа-сеид мәртебесіне ие болды.

Қазақстанда қожалар саяси қарым-қатынас тұрғысынан ықпалды топқа кіре алмады. Қожалар қоғамдық өмірде жиі сұлтандармен бірге көрінді. «Қожалар құранның негізінде шиеленісті мәселелерді шеше білді» деп жазды М.Красовский. Бұндай жағдай қожалардың өздерінің қатарын орнықтыруға, белгілі бір дәрежеде жабық ұйымды құруға тырысқандығын сипаттайды, алайда бұның бәрі сол кезде іске аспайтындығы анық еді.

Қазақстанның басқа жүздерінде қожалар ерекше ру мен старшындар тобы ретінде қалыптаспады, өздерінің сословиелік басқару органдарын құрмады, саны аз және далада шашыранқы мекендеді.

Сұлтандар қожаларға қарағанда анағұрлым бай болды. Өз кезегінде қожалар төленгіттерді мал басы санынан басып озды. Айта кету керек, бұрындары сұлтандардың жеке ортасын құраған, ал бүгінде олардан бөлінген, бірақ та өздерінің бұрынға басшыларымен бірге көшіп жүрген төленгіттер қатардағы көшпенді-шаруалардан біршама алда, ілгері болды. Қазақстандағы қожалар мен молдалар қаншалықты бай болғанымен көп қора мал жинауға тырыспады, өйткені олар түгелдей халықтың есебінен өмір сүрді [2].

XIX ғасыр және Оңтүстік Оралдың жағалау бөлігінің территориясы – Бөкей орданың 85 старшындығының 8-і, онда қожалардың қауымы айрықша тығыз байланыстағы әлеуметтік топты құрады, әсіресе орданың Калмық бөлігінің 2-ші және 7-ші старшындығында Кіші жүздің басқа қазақ руларынан саны жағынан басым болды. Дәл осы уақытта Бөкей Орданың Жалпақтал мекені территориясында Еділ-Орал аймағының Хаджаган-Накшбандийа сопы қауымының жаңа орталығы қалыптасты, ол тарихи әдебиеттерде «Жалпақтал ишандары» деп аталып кетті. Бұл ишандар Стертели ауылынан шыққан Амир-ишан Галкьяевтың ұлы Хайрулла Галкьяевтың ұлдары болып табылады. Жалпақтал ишандары Хан сарайында және Бөкей орданың Талов бөлігінде өмір сүрді. Олардың арасында неғұрлым діни белсенділігімен қазақ сопысы Аюджар-ишан ерекшеленді. Ол сопылық оқуды муршидтердің мұрагерлері - Орынбор губерниясының Уфа уезі Стерлитамак ауылындағы татарлардан біліп-үйренді. XIX



ғасыр – хандықтың әлеуметтік-саяси өмірінде Жәңгір ханның қайын атасы Қарауыл-қожа басшылығымен ерекше рөлді сеид-қожа қауымы ойнаған Бөкей ордада да айрықша болмады, бұл көшпенді қазақтардың «қасиетті қауым» әлеуметтік-құқықтық мәртебесін ағайынды әулеттерден – Бухар, Хиуа және Қоқан хандықтарындағы ортаазиялық сеидтер мен қожалардан ерекшеледі. Жоғарыда аталған генеалогиялық материалдар тобынан төртінші құжат 1847-1848 жж. Бөкей орда сұлтандары мен қожаларының шежіре тізімі – негізінен XIX ғасырдың бірінші жартыжылдығының 40-жылдарында Жәңгір хан (1823-1845) дайындады, бірақ құрастырушының ерте бұрын қайтыс болуына байланысты ол жинаған материалдар аяқталмаған күйінде қалды және тек қана екі жылдан соң Орынбор әкімшілігінің шенеуніктерімен бірқатар Даланың жергілікті көшпенді элитасына сұрау салулар жүргізілгеннен кейін толықтай аяқталды. Бөкей хандығының аристократиялық элитасының тоғыз әулеттік тармағында тарағандары туралы барлық ақпараттар арасында батысқазақстандық қожалар қауымын құраушылар туралы мәліметтер, бірінші кезекте менімен аталмыш зерттеуде бірнеше рет атап өтілген 20-жылдары қоныс аударған баласы Мурза-қожадан Мухамад-қожа сайидтың 118 адамның бес ата-баба ұрпақтарының атының тиянақты жазылуының болуы ерекше қызығушылық тудырады. Осы мәлімет қайнар көзінде Бөкей орданың басқа саны көп қожалардың бес ұрпағының аты берілген (115 аты) – әлдебір Кидай-қожа (XVIII ғ.), сонымен қатар Фарсы-қожа мен Хан-Қожаның белгілі бір ұрпақтары [3].

М.Құлкенов пен Р.Отарбаевтың Алматыдан 1992 жылы шыққан «Жәңгір хан» деп аталатын кітапшасында 1864 жылы М.Достаевскийдің қолдауымен Петербургте шығарылған «Эпоха» журналының №11 санында жарияланған «Внутренняя или Букеевская Киргизская Орда» деген мақаласының негізінде Бөкей Ордасының халқы туралы 1801 жылы Бөкей Ордасында 179 шаңырақ қожалар болды деп жазады [2].

Дін басылардың екінші тобын молдалар құрады. Молдалар Қазақстанда ешқашан ортаазиялық хандықтарда олар атқарғандай рөл ойнамады. Тіпті олар зайырлы билеушілерге бағынышты жағдайда болды. Молдалар – балаларды сауаттылыққа оқытты, кейбір діни жоралғылар мен салттарды орындады. Молдалар біртіндеп отбасылық - неке және меншік қатынастарына байланысты даулар мен шағымдарды қарауға араласты [2].

1850 жылғы 23 желтоқсан айында Ішкі Ордадан Орынбор шекара комиссиясына берілген хабарламада Ішкі Ордаға әр руға бекітілген 113 молданың тізімі жіберілген [4].

№	Аты-жөні	Кіммен және қашан бекітілген
<i>Жәңгір ханмен бекітілген</i>		
<i>Байбақты руынан</i>		
1	Қоянқачұт бөлімі Ахмед Сузакбаев	6 маусым 1840 ж
2	Кныков бөлімі Бигей Тукин	8 шілде 1840 ж
3	Жауғашты бөлімі Шынтубай Токтарбаев	30 мамыр 1841 ж
4	Алусов бөлімі Хабиболла Юлдашев	30 мамыр 1841 ж
5	Жауымшар бөлімі Жантөреун Кунбаев	7 шілде 1841ж
6	Токсаба бөлімі Қаражігіт Сапаков	30 қыркүйек 1841 ж
7	Бұғанай бөлімі Аренжан Чутов	1 қазан 1841 ж
8	Сасай бөлімі Жұмагелді Серкешбаев	30 қазан 1841 ж
9	Сасай бөлімі Ақболат Тышқанбаев	25 ақпан 1842 ж
10	Әлтеке бөлімі Жаш-Назар Есен	27 мамыр 1842 ж
11	Қырықтық бөлімі Құрбанғали Есетов	1 шілде 1842 ж
12	Құлсүйіндік бөлімі Құнай Жанбанышев	27 шілде 1842 ж



13	Құдайназар бөлімі Ұлсұжы Шутанов	28 қыркүйек 1842 ж
14	Құлшық бөлімі Минтай Избасаров	26 қараша 1842 ж
15	Өлтеке бөлімі Пірәлі Сарин	26 мамыр 1842ж
16	Бұғанай бөлімі Сарбай Байқалов	19 наурыз 1845 ж
17	Шекеу бөлімі Ұбанбай Ерназаров	4 маусым 1845 ж
18	Алыс және шумақ бөлімшесі Жанпейіс Бекбергенов	4 шілде 1845 ж
<i>Ноғай руы</i>		
19	Үйсін бөлімі Айтуған Мұстафин	15 қараша 1840 ж
20	Құстамғалы бөлімі Досмұхамед Абдулменов	17 шілде 1841 ж
21	Қазанқұл бөлімі Төлеп Есенов	6 желтоқсан 1841 ж
22	Қояс бөлімі Сарлыбай Жәнібеков	27 ақпан 1842 ж
<i>Алаша руы</i>		
23	Байсеу бөлімі Алтыаяқ Найзин	16 қараша 1840 ж
24	Қожағұл бөлімі Сүлеймен Қыдырғужин	20 желтоқсан 1840 ж
25	Байсеу бөлімі Тұяқбай Алтаев	29 маусым 1841 ж
26	Құдайқұл бөлімі Сүйенішқали Майкин	30 маусым 1841 ж
27	Малай бөлімі Өтебай Қонысбаев	4 тамыз 1841 ж
28	Барамық бөлімі Сүлеймен Тамин	4 тамыз 1841 ж
29	Сол бөлімнен Үмбетәлі Бердібеков	4 тамыз 1841 ж
30	Құдайқұл бөлімі Ірібас Жаманақов	24 қыркүйек 1841 ж
31	Токбас бөлімі Мендәлі Шідербеков	29 қыркүйек 1841 ж
32	Қарабөрі бөлімі Салық Төлепов	30 қыркүйек 1841 ж
33	Сол бөлімнен Қалдыбай Бұсырманов	1 мамыр 1842 ж
34	Құдайқұл бөлімі Елубай Әжібаев	16 мамыр 1842 ж
35	Қоңырбөрік бөлімі Мұсылман Жаймауов	17 мамыр 1842 ж
36	Сол бөлімнен Жамал Айдосов	19 мамыр 1842 ж
37	Қожағұл бөлімі Өтепберген Бибітов	29 шілде 1842 ж
38	Құдайқұл бөлімі Балта Құлов	27 қыркүйек 1842 ж
39	Токбас бөлімі Бекенбай Ұязбаев	25 мамыр 1843 ж
40	Қоңырбөрік бөлімі Ғали Абдуллин	6 сәуір 1844 ж
41	Сарый бөлімі Базарғали Құдайбергенов	6 сәуір 1844 ж
42	Алтыбас бөлімі Ақтан Ілиясов	3 шілде 1844 ж
<i>Шеркеш руы</i>		
43	Шумақ бөлімі Мұсылман Құншығаров	1 маусым 1841 ж
44	Қашқыншы бөлімі Назар Мирзапов	25 маусым 1841 ж
45	Қояс бөлімі Танаш Мухамедов	6 шілде 1841 ж
46	Жақау бөлімі Үрғали Құбаев	8 қыркүйек 1841 ж
<i>Қожа руы</i>		
47	Құнқожа Қарабхужин	21 желтоқсан 1841 ж
48	Абдрахманқожа Қарахужин	12 наурыз 1842 ж
<i>Беріш руы</i>		
49	Есенқұл бөлімі Тұғай Дауылбаев	28 мамыр 1840 ж
50	Жамғұршын бөлімі Байтұрсын Тілеулин	7 шілде 1840 ж
51	Жайық бөлімі Балбай Жанкаев	28 қыркүйек 1840ж
52	Себек бөлімі Орал Үдеров	5 қазан 1840 ж
53	Күлкеш бөлімі Мамбет Сармалов	14 қазан 1840 ж
54	Жайық бөлімі Тасқын Жазықбаев	14 қазан 1840 ж
55	Күлкеш бөлімі Судубек Тоқсанбаев	23 мамыр 1841 ж
56	Жайық бөлімі Мерген Салықов	1 маусым 1841 ж
57	Есен бөлімі Құрманбай Айғанин	1 маусым 1841 ж
58	Жайық бөлімі Байенка Тілеуов	28 шілде 1841 ж
59	Құратұқай бөлімі Ғайса Төрлин	15 тамыз 1841 ж
60	Есенқұл бөлімі Ғайса Өмірәлин	5 қыркүйек 1841 ж



61	Тыныс бөлімі Мұсылман Қазанов	17 қыркүйек 1841 ж
62	Есенқұл бөлімі Тұғай Жанбаев	11 наурыз 1842 ж
63	Бегіс бөлімі Тыныбек Құрманбаев	15 наурыз 1842 ж
64	Сол бөлімнен Мушур Шарманов	26 мамыр 1842 ж
65	Ағатай бөлімі Сәндібай Бағазин	6 қараша 1842 ж
66	Жамғұршын бөлімі Бейсен Балкин	7 ақпан 1843ж
67	Тыныс бөлімі Бажік Бекболатов	25 ақпан 1843 ж
68	Жайық бөлімі, жарылғас бөлімшесі Нұрман Шоқаев	29 мамыр 1843 ж
69	Бесқашқын бөлімі Ғайып Мыңбаев	29 мамыр 1843 ж
70	Жамғұршын бөлімі Өтеғали Қонысов	3 шілде 1843 ж
71	Есен бөлімі Үнгдаш Балтабеков	4 маусым 1845ж
72	Есенқұл бөлімі Балсал Жақсылықов	8 маусым 1845 ж
73	Бесқашқын бөлімі Үрдібек Базарбаев	10 маусым 1845 ж
74	Тұрыстай бөлімі Жүсіп Балғынбаев	26 маусым 1845 ж
<i>Кетен руы</i>		
75	Айдар бөлімі Ақсейіт Құлбаев	5 маусым 1840 ж
76	Байкөкшар бөлімі Есмұхамед Тумин	25 мамыр 1843 ж
<i>Қызылқұрт руы</i>		
77	Ерші бөлімі Ақмырза Шоқыбаев	22 мамыр 1842 ж
78	Сол бөлім Ниетқали Орынбаев	31 мамыр 1844 ж
79	Сүбен бөлімі Жақсымбет Жарасбаев	7 шілде 1845 ж
<i>Адай руы</i>		
80	Тұқымбет бөлімі Қуанышбай Дарханбаев	5 қазан 1840 ж
81	Елкүнді бөлімі Құрманбек Нұрманов	20 наурыз 1842 ж
82	Келімберді бөлімі Нұрмұхамед Қарынбаев	8 сәуір 1842 ж
83	Қабақай бөлімі Мұсылман Шоқаев	19 мамыр 1842 ж
84	Түрікмен бөлімі Шалабай Құбантұров	25 мамыр 1842 ж
85	Кеңшалбар бөлімі Қожабек Сауғабаев	1 маусым 1842 ж
<i>Тана руы</i>		
86	Қарақұлақ бөлімі Тілеу Жандәулетов	26 мамыр 1840 ж
87	Қалқаман бөлімі Қамтай Құзайдаров	1 маусым 1840ж
88	Жиёмбет бөлімі Есбол Байқадамов	28 қазан 1840ж
89	Әкімбет бөлімі Айтбай Қазбеков	23 мамыр 1841 ж
90	Бессары бөлімі Менделі Түбетов	25 қаңтар 1842 ж
91	Сол бөлімнен Отызбай Төребаев	25 қаңтар 1842 ж
92	Қалқаман бөлімі Қасаболат Оқаев	27 мамыр 1843 ж
<i>Масқар руы</i>		
93	Атойнақ бөлімі Мұстафа Есімов	28 мамыр 1840 ж
94	Жайық бөлімі Құлдаш Мамбетов	4 шілде 1844 ж
<i>Есентемір руы</i>		
95	Тигащин бөлімі Құсайын Түріков	30 мамыр 1842 ж
<i>Жаппас руы</i>		
96	Жаппас руы (Қияк)Танғатар Құдайбергенов	28 мамыр 1840 ж
97	Жаппас руы (Байгүл)Есдәулет Жанбатыров	1 шілде 1840 ж
98	Жаппас руы (Сейтқұл) Танғатар Бүстанов	30 мамыр 1841 ж
99	Жаппас руы (Байгүл)Мұңқатмас Аралбаев	1 шілде 1841 ж
100	Жаппас руы (Қаракөз) Сайлыбай Тутбаев	2 шілде 1841 ж
101	Сол бөлімнен Жұма Мұсылманов	21 мамыр 1844 ж
<i>Ысық руы</i>		
102	<i>Ысық руы (Сары) Сары Лаков</i>	25 мамыр 1842 ж
<i>Төленгіт руы</i>		
103	Төленгіт руы (Қарабай) Қуанышқали Құнәміров	23 ақпан 1842 ж
104	Төленгіт руы (Қарақалпақ) Рахмед Амамбетов	6 шілде 1840 ж



<i>Жетіру руы</i>		
105	Табын руынан Құрбанғали Нұрмамбетов	26 мамыр 1840 ж
106	Тама руынан (кенжебай) Күйіс Қалдыбаев	2 желтоқсан 1840 ж
107	Тама руынан (Аташал) Күшмұхамед Донабаев	14 сәуір 1841 ж
108	Кердері руынан Әбіл Ақбурин	1 шілде 1841 ж
109	Кердері руынан Әкіштай Өмешиев	20 сәуір 1842 ж
110	Тама руы (төлеп) Әлібек Төлебаев	3 қараша 1842 ж
111	Кердері руы, жайбас бөлімі Бұқа Мұстыбаев	23 қараша 1842 ж
112	Кердері руы (сатым) Бекмұхамед Баубеков	11 қараша 1843 ж
113	Тама руы (Дәулеткелді) Жүсіп Кендірбаев	6 мамыр 1843 ж

Молдалар алдын ала ханнан тексеруден өтті, өздерінің болашақтағы қызметіне қатысты нақты нұсқау алды. Ханның қол астында оған бағынышты ахун мен қазы және молда болды. Олар тұрғындардың салымдары есебінен және ханның жәрдемақысы есебінен қамтамасыз етілді, яғни ресми түрде лауазымды тұлға болды. Бөкей Ордасында жан-жаққа тағайындалған молдалар ахунның қол астында болды. Тағайындалған молдалар айына 250 сом алып отырған [6]. Өз кезегінде Бөкей Орданың ахуны ханның ұсынуы бойынша Орынбор генерал-губернаторлығының ахунымен бекітілді. Біртіндеп неғұрлым құрылымды немесе құрылымды діни ұйым қалыптаса бастады. Хан тікелей дін басылардың қызметін бағыттап отырды. Кейде молдалар өздерінің мамандықтарына сай емес тапсырмаларды да орындады. Мысалы, Жәңгір хан нұсқаушы молда Нургазиевті қырғыздар арасынан малдың түрлерін және қырғыз бұйымдарын саудалау жөнінде Астрахан қаласындағы Қалмақ базарының өкілі етіп тағайындады. Мұндай құбылыс тек қана хан билігінің басымдығын көрсетпейді, сонымен қатар, ханның шенеуніктері құқығында болған дін басыларының бағыныштылық жағдайын көрсетеді.

Қазақтардың әдеттегі билер сотымен қатар құран негізінде ұйымдастырылған қазылар соты болды. Рухани соттарда сыбайластық, алаяқтық, мәжбүрлеу, өтірік куәлік ету және басқа да адамдардың құқықтарын аяққа таптайтын көргенсіздіктің көптеген формалары орын алды. Әрине басқа жағдайлар да болды, қазылардың арасында әділдіктің, заңдылықтың адамдары да болды; бірақ, біріншіден, олар салыстырмалы түрде аз болды, екіншіден, бұндай әділдікті сүйетіндердің көпшілігі өз заманында кедергі келтірген хандар, әкімдер мен бектер жіберген қылмыскерлердің қанжарынан қаза тапты, бұлар мұсылмандық құқықтың тазалығын сақтаушылар жолына түсті». Шариғаттың қағидалары бір жағынан терең кертартпа болды. Егер де бұған соттардың бассыздығын заңсыздықты қоссақ, онда қазылар сотының халыққа қайшы екендігін аңғаруға оңай болады. Бұл соттар оңтүстік Қазақстан облыстарынан әрі тарамалды. Ресейдің оңтүстікке жақындауы және оған ортаазиялық хандықтардың қосылуы рухани соттардың мәнін тіптен түсірді.

Хандық биліктің жойылуынан соң, яғни Жәңгір хан өлімінен кейін дін басылардың маңызы тез төмендейді. Қоғамның исламдануы белгілі бір дәрежеде Ресеймен бақталасып жатқан ортаазиялық хандықтардың позицияларын күшейтті. Мұны Патша өкіметі түсініп, Қазақстандағы мұсылмандықты қолдау саясатын қайта қарастырды. Ресей қарауындағылардың өзі, егер де олар ортаазиялық хандықтарда діни білім алған жағдайда Қазақстанға келуге тиым салынады [2].

Татар дін басыларының қазақтарда мұсылмандық өмір бейнесінің қалыптасуына қатысуы Бөкей Ордадағы отырықшы тұрмыспен айқын көрінді. Жәңгір хан көшпелілерді молдамен қамтамасыз етуге және отырықшы тұрмысқа жағдай жасауға талпынды. Жәңгір ханның жанында Ордада құрылған ахун қызметін 20 жыл Қазандық татар Забир Хаметов орындады. 1826 жылдан бастап ханның шешімімен ол діни білім



негізіне үміткерлікке тәжірибе жүргізді. Өз қызметінде молда қазақтармен қарым-қатынаста келесідей ережелерді ұстану керек болды: мешіттер мен училищелер тұрғызу, апталық және жылдық мерекелерді өткізу; кішілерді сауаттылыққа үйрету, қазақтарды әр күні Құдайға құлшынуға және Ораза ұстауға бағыттау, діннен бейхабар қазақтармен діннің барлық ережелерін талқылау: жаңа туылған сәбиге ат беру, сәйкес ырымдармен марқұмды жерлеу. Ұлын үйлендіргенде немесе қызын тұрмысқа бергенде рухани бейне қалың мал бергенде болуы керек, ал ата-аналарынан соң куәгерлер көзінше бірін «бердім», ал екіншісін «алдым» деп айтуға бағыттау; қазақтың салты бойынша жігіттерге неке қиғанға дейін қалыңдықтарымен тұруға тыйым салды; жесірлерге анасының келісімінсіз некеге отыруға тыйым салды; марқұмнан қалған дүниені заң бойынша бөлді; бай қазақтарға жылжымалы және жылжымайтын мүліктерінен зекет беруге иландырды және түсіндірді. Сонымен қатар молда тек рулық қазақтарға Шариғат ережелерін үйретуден басқа, болыс қоғамының мүшелеріне адал, заңды құрметтеушілерді қалыптастыру керек болды. Солай дін басылардың қызметтері «қарапайым және бейхабар қырғыздарға» өз араларында құрметтеп және Ресей мемлекетіне және өз басшыларына көнгіш болуға, ешқандай күштеу жүргізбеуге насихаттаумен алмасты. Молда қазақтардың ұрлықпен және басқа да заңға қайшы әрекеттермен айналыспауын бақылады Халыққа жасалған барлық молда ұйғарымдары жыл сайын ханға баяндалуы керек болды [7].

Ордада исламдық мектептері едәуір көп болды, іс жүзінде әрбір жылда, әрбір рудың бөлімдері өз молдаларын иемденді [8].

Жоғарыда аталған Уақытша Кеңестің көрсетуімен Бөкей Ордасында Орынбор Шекара комиссиясының келісімі негізінде Орынбор Рухани жиналысының рұқса беруімен молда жұмысына төмендегідей молдалар тағайындалған болатын: 1898 жылы Талов бөліміне М.Кубеев ахун болып [9], 1888 жылы А.Гайсин Қалмақ бөлімі 3 старшындыққа молда қызметіне [10], 1898 жылы Бөкей Ордасындағы ставочный мешітінің ахуны болып Гайсин [11], 1899 жылы Талов бөліміне Г.Джазыковті ахун қызметіне [12], 1915 жылы 3 наурызда Бөкей Ордасы Қамыш-Самар бөлімі Аш-саиско ауылына Д.Сеитов имам қызметіне [13], 1901 жылдардан бастап А.Гумерова Бөкей Ордасы Талов бөлімінде ахун қызметіне [14], 1902 жылдары Х.Балкаев Бөкей Ордасы Нарын бөлімі 12 старшындықта ахун қызметіне [15], 1905 жылдары Талов бөлімі 6 старшындықта Сазанов имам қызметіне [16], 1913 жылы 13 қаңтарда Жайлаубаев Бөкей ордасы Приморск округіне молда қызметіне [17], 1913 жылы Санды-Приморск округіне Батырганиев молда қызметіне [18], Талов бөлімінде 1887 жылы А.Сүлейменов молда қызметіне [19], 1887 жылдары Бөкей Ордасы II округ 13 старшындыққа Р.Жабатуров молда қызметіне [20], 1888 жылы Торғын бөлімі 3 старшындыққа С.Нугайбаев молда қызметіне [21], 1888 жылы Қалмақ бөлімі 5 старшындыққа Б.Тілекбаев молда қызметіне [22], 1888 жылы Қалмақ бөліміне Т.Байқадамов молда қызметіне [23], 1888 жылы Қалмақ бөлімі 4 старшындыққа С.Мұңаймасов молда қызметіне [24], 1890 жылы Қамыш-Самарск бөлімі 2 старшындыққа Х.Байтереков молда қызметіне [25], 1890 жылы Талов бөлімі 3 старшындыққа Г.Ушалиев молда қызметіне [26], 1890 жылдан бастап Талов бөлімі 2 старшындықта Г.Жазыков молда қызметіне [27], 1902 жылдан бастап Қалмақ бөлімі А.Куванышев Қалмақ бөліміне молда қызметіне [28], 1902 жылдан бастап Қалмақ бөлімі 6 старшындықта С.Тіленшиев молда қызметіне [29], 1902 жылдан бастап Қалмақ бөлімі 3 старшындыққа У.Бекжанов молда қызметіне [30], 1902 жылдан бастап 3 старшындық 1 округке С.Игусинов молда болып [31], 1902 жылы 16 старшындық 1



округке Р.Мухамедов молда болып [32], 1902 жылдан бастап Приморск округі 13 старшындыққа Ш.Кайфиев молда қызметіне [33], 1902 жылдан бастап Талов бөлімі 2 старшындыққа Г.Юнусов молда қызметіне [34], 1902 жылдан бастап Талов бөлімі 4 старшындық Кубеев мешітіне Г.Кубеев молда қызметіне [35], 1903 жылдан бастап Қалмақ бөлімі 5 старшындыққа Д.Усерғалиев молда болып [36], 1903 жылдан бастап Қалмақ бөлімі 5 старшындыққа М.Динбиров молда қызметіне [37], Қалмақ бөлімі 5 старшындыққа 1903 жылы М.Утеғалиев молда болып [38], 1903 жылдан бастап Нарын бөлімі 1 старшындыққа имам-хатып болып Х.Мусулманов [39], 1903 жылдан бастап Нарын бөлімі 3 старшындыққа А.Нияталиев молда қызметіне [40], 1903 жылдан бастап 2 округ 3 старшындыққа молда болып С.Нуржанов [41], Қамыш-самарск бөліміне 1904 жылдан бастап И.Исенғалиев молда қызметіне [42], 1898 жылдан бастап Нарын бөліміне имам болып Х.Абдулжаидов [43], 1898 жылдан бастап Талов бөліміне ахун болып М.Кубеев [44], 1900 жылдан бастап Талов бөліміне А.Муллағалиев имам болып [45], 1900 жылдан бастап Талов бөліміне имам-хатып болып С.Арсланов [46], Шетелдік діни сенушілердің Рухани істері туралы қаулының 1 бөлігі XI томы 1250 бабына сәйкес Рамазан Абубакиров 1896 жылдың 20 қазанында 1-ші Приморск округінің №2 старшындығының мұсылман мешітінің имамы болып [47], Ішкі Қырғыз Ордасы Бірінші Приморск округі №7 старшындық Лукман Аженов 27 жасында Орынбор Мұхаммед Рухани жиналысында сынақтан өтіп, 1250 бет XI т I жар. Рухани істерді шетелдік зертеушілер 1890 жылы Губерниялық Басқармамен осы жылдың 10 қыркүйегінде имам және мұғалім қызметіне [48], Лукман Шалабаев Орынбор Мұхаммед Рухани жиналысы сынағынан өтіп, 1890 жылы 11 шілдеде Астрахан губерниясы басқармасы старшындық қоғаммен келісіліп, 1894 жылы бірінші Приморск бөлімі №6 старшындыққа №4962 бұйрықпен имам -хатып және мұғалім болып және аталмыш өлкедегі мешітке молда болып [49], 1883 жылы Уақытша кеңестің ұйғарымымен Уфада сынақтан өткен Алдонғар Байғарин Алаша руы Мамаев бөліміне молда болып [50], Ғайса Айтуғанов 1860 жылы 15 қыркүйекте Ішкі Орданың Ноғай руының Үйсін бөліміне имам-хатып болып және молда қызметіне [51] тағайындалады. Молдалар негізінен арнайы тексерістен өткізіліп, Орынбор Шекара комиссиясының келісімімен тағайындалып отырған. Оның мысалы Есентемір старшындығы ордалық қоғамдық старшындықпен нұсқаушы молда қызметіне тағайындалған Ахмед Кабуловты айтуымызға болады. Ерекше билетпен Уфа қаласына Мұхамед Рухани Жиналысына емтиханға нұсқаушы молда қызметіне лайықтылығын тексеруге 1864 жылы жіберілген молда, 1864 жылы 4 қыркүйекте Уфа қаласында сынақтан өтіп, имам хатып және мұғалім болуға қабілетті екендігі туралы куәлік алған. Бітіргесін Кабулов Рухани Жиналыстың куәлігін алып, осы куәлік негізінде нұсқаушы молда қызметіне Уақытша Кеңес тарапынан тағайындалған [52].

1896 жылы Ішкі Орданың Жана-Казан ауылының ахуны Г.Галькеев пен Калмыков уезі Кан тұрағының Муфор бекетінің имамы Абдулфабир Абдулсалиховтың Қамыш-Самара бөлігінің №3 старшындығының қырғызы Муфор келушілерінде есепте тұрған және казак Брадин Федор Карашевтың мал бағушысы саналатын және әйелі Бирдуганова Алтыншаш Кувазарованың тұрмыстық жағдайларына араласуы, молдалардың рухани жағдайларда орнын көрсетсе [53], 1887 жылы Нарын бөлігінің қырғызы Джаманбет Мусин мен осы аймақтың №7 старшындықтың нұсқаушы молдасы Тлеугали Исентемиров арасындағы келіспеушіліктері [54], Торгун бөлігінің №5 старшындығының ноғай руының қырғызы Мурзағали Туребаев пен Торгун бөлігінің №5 старшындығының молдасы Габдрахен Хюзаев арасындағы жанжал [55],



1888 жылғы Ішкі орданың Талов бөлігінің 8 старшындығының қырғызы Фатима Бисналина мен имам Айдар-али Ялтыров арасындағы жанжал[56], 1897 жылы Қалмақ бөлігінің 1-ші старшындығында Чакиман Исмамбетов пен осы өлкенің ахуны Даулетқали Мамбетғалиев арасындағы некеге байланысты келіспеушіліктер[57], Ішкі орданың 2 округінің 12 тобының тұрғындары Нураман Чушанов пен Фатин Азбергеновтың 1881 жылғы 18 тамыздағы Орынбор комиссиясына өтінішінде көрініс тапқандай нұсқаушы екі молда Ильяс Такимов пен Мухамедша Кунаевтардың шарифатты білмей келушілерге түсінік жүргізгенін, өздерінің шарифаттың талаптарын орындамайтынын, тіпті шарифатты білмеуінен түсінбеушіліктер мен алауыздықтарға алып соғатынын баса айтуы кейбір молдалардың сауатсыздығын да байқауға болады [58]. Дейтұрғанмен, 1872 жылдары Ішкі орданың Калмыш-Самара бөлігінің нұсқаушы молдасы Тунач Качубаевтың отбасылық істерде кей жастардың бақыты жолында балиғатқа жасқа жетпегені үшін жастардың некелесуіне жол бермегенін байқаймыз [59]. Қалай дегенде Ішкі ордада рухани іспен айналысу тек тағайындалған молдалар тарапынан жүргізілді. Рұқсатсыз рухани іспен айналысқан тұрғындар болса, мысалы некеге байланысты және жаназаға байланысты жағдайларда ол жергілікті билік тарапынан қатаң қадағалауға алынып отырды. Мысалы, 1898 жылы Ішкі ордада Талов бөлігінің №2 старшындығының нұсқаушы молдасы Габдулла Гумаровтың заңсыз неке жүргізді деп жергілікті тұрғын Кадирғали Джусубаевтың үстінен Орынбор Рухани жиналысына шағым түсіруі, ал Рухани жиналыстың жергілікті басқару билігі Уақытша кеңеске бұл мәселені қатаң қадағалауға алу туралы өтініші жағдайды толықтырады [60].

Ішкі ордада жергілікті халық тарапынан қолдау тауып, ақсақалдардың көмегімен молда болып тағайындалған бірқатар молдаларды көруімізге болады. Мысалы, 1859 жылы Көкбекті бөлімінің Мұрын болысында ақсақалдардың көмегімен молда болып тағайындалған Сүйінбай Итбаевтың патшадан өзін молда ретінде тануы туралы өтінішін айтуымызға болады. Орынбор рухани жиналысы 1859 жылы 13 наурызда аталмыш имам молда ретінде танылған [61].

Халықтың тұрмысы мен ажырасу немесе үйлену жағдаяттары имамның метрикалық кітабында тіркеліп отырған. Оған себеп 1887 жылдары Уақытша Кеңестің Талов бөлігінің ахуны Гумар Джазыковтың Ішкі Орданың Калмыш-Самара бөлігіндегі істерінен анық байқауға болады [62].

Бөкей Ордада ислам дінін халықтың руханиятында басты орын алуына себепкер болған бірқатар молдалар болды. Бұл молдалар халық арасында зор беделге де ие болып отырды. Аталмыш молдалар тек ғана халыққа ислам дінін үйретумен шектелмеген болатын. Олар жастардың зайырлылық білімді де, ғылымды да үйретуге талпынды. Соның бірі, 1833 жылы ислам білгірі хан жанында жазба жұмыстары және оның басқа да тапсырмаларын орындаушы жұмыстарымен айналысқан молда Ахметшах Абдулсалинов. Ішкі Орданың ханы Жәңгірдің сенімді адамы болған. 1843 жылы өте жақсы талпынысы мен қызметі үшін және өз қызметін нақты орындағаны үшін молда Абдулсалимов Ханның «ынтасы үшін» жазуы жазылған алтын медалмен марапатталған [63]. Сонымен қатар, елді рухани тазалыққа, Ордада ислам ілімінің жайылуына өз үлесін қосқан, Бөкей ордасының тумасы, 1896 жылы №3030 Астрахан облыстық губерниялық басқармасының келісімімен Приморск округіндегі №11 старшындыққа патша жарлығымен тағайындалған молда Хәкімбек Байғазыұлы. Патша үкіметі қазақ даласындағы молдаларды қатаң бақылауға алып, олардың діни білім деңгейін тексере бастаған кезде Хәкімбек Байғазыұлы 1898 жылы 19 қыркүйекте



Орынбор мұсылмандар діни жиналысында Ислам құқығы пәнінен емтихан тапсырған. Сынақ қорытындысы бойынша Орынбор мұсылмандар діни жиналысы Хәкімбек Байғазыұлын имам ретінде мойындап қана қоймай, оған қосымша имам-хатиб және мұғалім куәлігін береді [64]. 1856 жылы Ішкі Қырғыз Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңестің сұрауы бойынша Орынбор Шекара комиссиясының келісімімен Төлеңгіт руы Дуанов бөліміне молда болып тағайындалған Хош-Мухамед Айболатов, аталмыш өлкеде 315 ер және 225 әйелді оқытып шығарған болатын [65]. Ішкі Ордада 1875 жылға дейін ахун қызметін атқарған Джабир Хаммадовты айтуымызға болады. 1876 жылы Хаммадовтың орнына Ішкі Ордаға ахун қызметіне Шаги Ахмедов Тажетдинов тағайындалған [66].

XIX ғасырдың бірінші жартысында Бөкей Ордасындағы ислам дінінің дамуы өзіндік ерекше сипатқа ие болып, Қазақстанның басқа аймақтарынан айтарлықтай ерекшеленді. Бұл кезеңдегі діни үдерістер патша үкіметінің мүддесіне сай жүйеленіп, мемлекеттік аппараттың қатаң бақылауында болды. Отаршыл билік молдаларды арнайы сатылы жүйе арқылы өздеріне бағындырып, оларды рухани қызметпен қатар, әкімшілік мақсаттарға да пайдаланды. Ордадағы діни реформалардың басында тұрған Жәңгір хан ислам дінін өз билігін нығайтудың басты идеологиялық тірегі ретінде қарастырды. Нәтижесінде, дін өкілдері тек рухани мәселелермен ғана шектелмей, өз мамандықтарына жатпайтын саяси-әкімшілік тапсырмаларды да орындауға мәжбүр болды. Мұндай жүйелі бақылау мен дін қызметкерлерін мемлекеттік мүддеге жегу – тарихымызда патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының айқын көрінісі ретінде бағаланады.

Қорытынды

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, Бөкей Ордасындағы діни институттардың қалыптасуы мен дамуы Патшалық Ресейдің империялық саясаты және Жәңгір ханның мемлекеттік басқару реформаларымен тығыз байланыста болғанын көреміз. Бұл өңірдегі ислам дінінің институционалдық деңгейге көтерілуі тек рухани қажеттіліктен емес, сонымен қатар көшпелі қоғамды отырықшылыққа бейімдеу және әкімшілік бақылауды күшейту құралы ретінде қарастырылды.

Зерттеу барысында анықталғандай, Бөкей Ордасының діни элитасы екі ірі топтан – аристократиялық мәртебеге ие қожалардан және ресми қызметтік функцияларды атқарушы молдалардан тұрды. Қожалар қоғамның жоғары сатысында тұрып, сот және салықтық жеңілдіктерге ие болса, молдалар корпусы Жәңгір ханның тікелей қолдауымен мемлекеттік аппараттың бір бөлігіне айналды. 1850 жылғы және одан кейінгі кезеңдегі архивтік тізімдер молдалардың әрбір ру мен бөлімге жүйелі түрде тағайындалғанын, олардың қызметі тек діни рәсімдермен шектелмей, білім беру, неке-отбасы қатынастарын реттеу және халықтың билікке адалдығын бақылау сияқты кең ауқымды міндеттерді қамтығанын дәлелдейді.

Патшалық биліктің ислам дініне қатысты саясаты екіұдай сипатта болды: бір жағынан, империя мұсылман дін басыларын өз мүддесіне пайдалануға тырысса, екінші жағынан, олардың Орта Азиялық хандықтармен рухани байланысын шектеп, қатаң цензура орнатты. Жәңгір хан қайтыс болғаннан кейін дін басыларының саяси ықпалы төмендегенімен, олар қалыптастырған діни-ағартушылық инфрақұрылым (мешіттер мен медреселер) өңірдегі қазақ қоғамының рухани келбетіне ықпал етті.

Түйіндей айтқанда, Бөкей Ордасындағы молдалар мен қожалардың қызметі қазақ даласындағы исламның өзіндік «ішкі» моделін қалыптастырды. Бұл модель дәстүрлі рулық құрылым мен шариғат нормаларын, сондай-ақ империялық заңдылықтарды



өзара ұштастырған бірегей тарихи тәжірибе болып табылады. Архивтік деректерді жүйелеу арқылы жасалған бұл талдау ХІХ ғасырдағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси тарихы мен дінтану мәселелерін тереңірек түсінуге жол ашады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Нургалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. - Алматы, 2005. - 450 с.
- [2] Зиманов С. Общественный строй казахов первой половины ХІХ века и Букеевское ханство. Алматы «Арыс» баспасы, 2009. -400 с.
- [3] Ерофеева И. В. Родословная казахских ханов и кожа ХУІІІ – ХІХ (история, историография, источники). Алматы, 2003, с.173.
- [4] ҚР Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. 4 қор, 1 том, 5504 іс, 6 парақ.
- [5] ҚР Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. 4 қор, 1 том, 5504 іс, 7-11 парақ.
- [6] Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты. 430 қор, 17 тізім, 5 іс.
- [7] Гибадуллина Э.М. Векторы этноконфессиональных и социокультурных связей татар Поволжья и казахов Западного Казахстана во второй половине ХУІІІ-ХІХ вв. // Исторические судьбы народов Поволжье и Приуралья. Материалы Всероссийской конференции «Исторический опыт этноконфессионального взаимодействия в Среднем Поволжье и Приуралье (ХУІ-начало ХХ вв.)». – Казань, -2011. - 117 с.
- [8] Тасмагамбетов А.С. История конфессии Казахстана в конце ХУІІІ – начале ХХ вв. Уральск, -2010. - 565 с.
- [9] Башқұртстан Республикасы Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты (бұдан әрі БР ОМТМ). 295 қор, 4 том, 21561 іс.
- [10] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 15532 іс.
- [11] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 22049 іс.
- [12] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 22069 іс.
- [13] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 12238 іс.
- [14] БР ОМТМ. 295 қ., 6 т., 8 іс.
- [15] БР ОМТМ. 295 қ., 6 т., 515 іс.
- [16] БР ОМТМ. 295 қ., 6 т., 802 іс.
- [17] БР ОМТМ. 295 қ., 6 т., 2987 іс.
- [18] БР ОМТМ. 295 қ., 6 т., 2988 іс.
- [19] БР ОМТМ. 295 қ., 6 т., 637 іс.
- [20] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 15527 іс.
- [21] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 15529 іс.
- [22] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 15530 іс.
- [23] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 15531 іс.
- [24] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 15538 іс.
- [25] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 16817 іс.
- [26] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 16819 іс.
- [27] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 16820 іс.
- [28] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 722 іс.
- [29] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 723 іс.
- [30] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 724 іс.
- [31] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 736 іс.
- [32] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 728 іс.
- [33] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 736 іс.
- [34] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 738 іс.
- [35] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 739 іс.



- [36] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 1650 іс.
- [37] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 1651 іс.
- [38] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 1652 іс.
- [39] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 1653 іс.
- [40] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 1654 іс.
- [41] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 1655 іс.
- [42] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 1933 іс.
- [43] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 21554 іс.
- [44] БР ОМТМ. 295 қ., 5 т., 21561 іс.
- [45] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 22995 іс.
- [46] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 22996 іс.
- [47] БР ОМТМ. 295 қ., 3 т., 14991 іс.
- [48] БР ОМТМ. 295 қ., 3 т., 14992 іс.
- [49] БР ОМТМ. 295 қ., 3 т., 14995 іс.
- [50] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 4372 іс.
- [51] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 3907 іс.
- [52] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 5391 іс.
- [53] БР ОМТМ. 295 қ., 3 т., 14943 іс.
- [54] БР ОМТМ. 295 қ., 3 т., 11851 іс.
- [55] БР ОМТМ. 295 қ., 3 т., 11853 іс.
- [56] БР ОМТМ. 295 қ., 3 т., 11856 іс.
- [57] БР ОМТМ. 295 қ., 3 т., 14942 іс.
- [58] БР ОМТМ. 295 қ., 3 т., 10397 іс.
- [59] БР ОМТМ. 295 қ., 3 т., 11850 іс.
- [60] БР ОМТМ. 295 қ., 3 т., 15584 іс.
- [61] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 3905 іс.
- [62] БР ОМТМ. 295 қ., 3 т., 11321 іс.
- [63] ОРОММ. 6 қ., 10 т., 5930 іс, 1-5 п.
- [64] БР ОМТМ. 295 қ., 4 т., 21558 іс, 4-5 п.
- [65] ОРОММ. 6 қ., 10 т., 7037 іс.
- [66] ОРОММ. 6 қ., 19 т., 40 іс.

REFERENCES

- [1] Nurgalieva A.M. Ocherki po istorii islama v Kazahstane. – Almaty, 2005. – 450 s.
- [2] Zimanov S. Obshchestvennyy stroy kazahov pervoy poloviny XIX veka i Bukeyskoe hanstvo. Almaty: “Arys” baspasy, 2009. – 400 s.
- [3] Erofeeva I.V. Rodoslovnaya kazahskih hanov i khozha XVIII–XIX (istoriya, istoriografiya, istochniki). Almaty, 2003, s.173.
- [4] Qazaqstan Respublikasynyń Ortalyq Memlekettik Múragaty. 4 qor, 1 tom, 5504 is, 6 paraq.
- [5] Qazaqstan Respublikasynyń Ortalyq Memlekettik Múragaty. 4 qor, 1 tom, 5504 is, 7–11 paraq.
- [6] Astana qalasynyń memlekettik múragaty. 430 qor, 17 tizim, 5 is.
- [7] Gibadullina É.M. Vektory etnokonfessional’nyh i sociokul’turnyh svyazey tatar Povolzh’ya i kazahov Zapadnogo Kazahstana vo vtoroy polovine XVIII–XIX vv. // Istoricheskie sud’by narodov Povolzh’ya i Priural’ya. Materialy Vserossiyskoy konferencii “Istoricheskiy opyt etnokonfessional’nogo vzaimodeystviya v Srednem Povolzh’e i Priural’e (XVI–nachalo XX vv.)”. – Kazan, 2011. – 117 s.



[8] Tasmagambetov A.S. Istoriya konfessii Kazahstana v konce XVIII – nachale XX vv. Ural'sk, 2010. – 565 s.

[9] Bashqúrtstan Respublikasy Ortalyq memlekettik tarihi múragaty (búdan ári BR OMTM). 295 qor, 4 tom, 21561 is.

[10] BR OMTM. 295 q., 4 t., 15532 is.

[11] BR OMTM. 295 q., 4 t., 22049 is.

[12] BR OMTM. 295 q., 4 t., 22069 is.

[13] BR OMTM. 295 q., 5 t., 12238 is.

[14] BR OMTM. 295 q., 6 t., 8 is.

[15] BR OMTM. 295 q., 6 t., 515 is.

[16] BR OMTM. 295 q., 6 t., 802 is.

[17] BR OMTM. 295 q., 6 t., 2987 is.

[18] BR OMTM. 295 q., 6 t., 2988 is.

[19] BR OMTM. 295 q., 6 t., 637 is.

[20] BR OMTM. 295 q., 4 t., 15527 is.

[21] BR OMTM. 295 q., 4 t., 15529 is.

[22] BR OMTM. 295 q., 4 t., 15530 is.

[23] BR OMTM. 295 q., 4 t., 15531 is.

[24] BR OMTM. 295 q., 4 t., 15538 is.

[25] BR OMTM. 295 q., 4 t., 16817 is.

[26] BR OMTM. 295 q., 4 t., 16819 is.

[27] BR OMTM. 295 q., 4 t., 16820 is.

[28] BR OMTM. 295 q., 5 t., 722 is.

[29] BR OMTM. 295 q., 5 t., 723 is.

[30] BR OMTM. 295 q., 5 t., 724 is.

[31] BR OMTM. 295 q., 5 t., 736 is.

[32] BR OMTM. 295 q., 5 t., 728 is.

[33] BR OMTM. 295 q., 5 t., 736 is.

[34] BR OMTM. 295 q., 5 t., 738 is.

[35] BR OMTM. 295 q., 5 t., 739 is.

[36] BR OMTM. 295 q., 5 t., 1650 is.

[37] BR OMTM. 295 q., 5 t., 1651 is.

[38] BR OMTM. 295 q., 5 t., 1652 is.

[39] BR OMTM. 295 q., 5 t., 1653 is.

[40] BR OMTM. 295 q., 5 t., 1654 is.

[41] BR OMTM. 295 q., 5 t., 1655 is.

[42] BR OMTM. 295 q., 5 t., 1933 is.

[43] BR OMTM. 295 q., 5 t., 21554 is.

[44] BR OMTM. 295 q., 5 t., 21561 is.

[45] BR OMTM. 295 q., 4 t., 22995 is.

[46] BR OMTM. 295 q., 4 t., 22996 is.

[47] BR OMTM. 295 q., 3 t., 14991 is.

[48] BR OMTM. 295 q., 3 t., 14992 is.

[49] BR OMTM. 295 q., 3 t., 14995 is.

[50] BR OMTM. 295 q., 4 t., 4372 is.

[51] BR OMTM. 295 q., 4 t., 3907 is.

[52] BR OMTM. 295 q., 4 t., 5391 is.



- [53] BR OMTM. 295 q., 3 t., 14943 is.
- [54] BR OMTM. 295 q., 3 t., 11851 is.
- [55] BR OMTM. 295 q., 3 t., 11853 is.
- [56] BR OMTM. 295 q., 3 t., 11856 is.
- [57] BR OMTM. 295 q., 3 t., 14942 is.
- [58] BR OMTM. 295 q., 3 t., 10397 is.
- [59] BR OMTM. 295 q., 3 t., 11850 is.
- [60] BR OMTM. 295 q., 3 t., 15584 is.
- [61] BR OMTM. 295 q., 4 t., 3905 is.
- [62] BR OMTM. 295 q., 3 t., 11321 is.
- [63] OrOMM. 6 q., 10 t., 5930 is, 1–5 p.
- [64] BR OMTM. 295 q., 4 t., 21558 is, 4–5 p.
- [65] OrOMM. 6 q., 10 t., 7037 is.
- [66] OrOMM. 6 q., 19 t., 40 is.

Ахан Ж., Ускембаев К., Ескалиев С., Туякова А.

РЕЛИГИОЗНАЯ ПОЛИТИКА РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ И ОБЩЕСТВЕННАЯ РОЛЬ МУЛЛ И ХОДЖЕЙ В БУКЕЕВСКОЙ ОРДЕ

Аннотация. В статье рассматривается религиозная политика Российской империи и роль мулл и ходжей в общественной жизни Букеевской Орды. Автор анализирует особенности распространения ислама в регионе, деятельность хана Жангира по укреплению религии и формирование духовной элиты. Особое внимание уделяется социальному положению ходжей, их отношениям с султанами, а также образовательной и судебной деятельности мулл. На основе архивных и исторических источников раскрывается процесс институционализации ислама и его влияние на общественно-политическую жизнь орды. Делается вывод, что ислам стал одним из ключевых факторов духовного и идеологического единства Букеевской Орды.

Ключевые слова: Букеевская Орда, хан Жангир, Российская империя, ходжи, муллы, ислам, религиозная политика.

Akhan Zh., Uskembayev K., Yeskaliyev S., Tuyakova A.

THE RELIGIOUS POLICY OF THE RUSSIAN EMPIRE AND THE SOCIAL ROLE OF MULLAHS AND KHOJAS IN THE BUKEY HORDE

Annotation. This article examines the religious policy of the Russian Empire and the role of mullahs and khojas in the social and spiritual life of the Bukey Horde. It explores the development of Islam in the region, highlighting Khan Zhangir's efforts to strengthen religious authority and use Islam as a tool of governance. The study analyzes the social status of the khojas, their relations with the sultans, and the educational and judicial roles of the mullahs. Based on archival and historical sources, the article reveals how Islamic institutions took shape within the Bukey Horde and their influence on the region's sociopolitical structure. The findings demonstrate that Islam played a vital role in consolidating the political and spiritual foundations of the Bukey Horde.

Keywords: Bukey Horde, Khan Zhangir, Russian Empire, khojas, mullahs, Islam, religious policy.